

Жамбыл селолық округіне қарасты жаңа құрылыс жерлеріне жаңадан көше атауларын беру туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл селолық округінің әкімінің 2010 жылғы 14 мамырдағы N 5-71 шешімі. Алматы облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 маусымда N 2-7-102 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік- аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, Онамастика кеңесінің келісімін ескере отырып Жамбыл селолық округ әкімі **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл селолық округіне қарасты Жамбыл ауылындағы жаңа құрылыс жерлерінің көшелері жаңадан «Әкуа Аралбайұлы» және «**Б о т а қ а р а** **б а т ы р**» **д е п** **а т а л с ы н .**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Ж а м б ы л с е л о л ы қ

округ әкімі

А. Шормақов